

**Заманауи авторлық  
бағдарлама  
әзірлеудің оңтайлы  
жолдары**

---




# МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ



## МАҚСАТЫ

Оқушылардың сөйлеудағдыларын қалыптастыру арқылы тілін дамыту, ой-өрісін жетілдіру, ойын еркін жеткізуге үйрету



## МАЗМҰНЫ

Күнтізбелік тақырыптық жоспар: аптасына 1 сағат, барлығы 32 сағат, жұмыс 8 ортақ тақырып аясында құралған

# БІЛІМДІЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТИПТЕРІ:



Типтік үлгілік  
бағдарлама




Тәжірибе сынақ  
эксперименттік  
бағдарламасы



Авторлық бағдарлама

# ТИПТІК (ҮЛГІЛІ) БАҒДАРЛАМА ДЕГЕНІМІЗ

Білім министрлігі бекітеді және қосымша білім беру басқармалары ұсынады (ғылыми орталықтар);

1. Әр жеке пәнге байланысты білім, икем, дағды көрсетілген нормативтік құжат.
2. Оқытылуға тиісті тақырып, әр тақырыпқа мерзім, жыл беріледі. Бағдарлама талабын толық меңгеру – оқу үрдісінің табыстылығы, тиімділігі межесі.
3. Оқу пәніне сәйкес оқу курсының мазмұнды негізін, мақсатты талаптарын, оқыту технологиясын таңдау принципі, бақылау әдісін көрсететін құжат.
4. Білім, тәрбие, дамыту мақсаттарын орындайтындай білім беру процесі құрамын анықтайтын қысқаша жүйелі баяндалған ақпарат 

# Авторлық бағдарлама

- Педагог немесе педагогтер ұжымы толығымен дайындайды және оған (оларға) зияткерлік құқығы беріледі. Бұл не алғаш рет енгізілетін курсты, не автордың дәстүрлі тақырыпты өзіндік тәсілмен оқыту бағдарламасы.
- Мұндай бағдарлама мазмұны – жаңашылдығымен және өзектілігімен ерекшеленетін білім беру проблемаларын шешуге ұсынылған құралдар жиынтығы.
- Авторлық бағдарлама эксперименттік те болуы мүмкін, бірақ міндетті түрде жаңалығы мен авторлығы құжат бойынша дәлелді болуы қажет.





## Тәжірибе-сынақ (эксперименттік) бағдарламасы.

Бұл бағдарлама типтік бағдарламасы негізінде жасалынады. Мазмұнына өзгеріс енгізіледі, толықтырылады. Мысалы: тақырыпты оқыту реті, сағат саны, оқыту түрі т.б.

# Инновациялық потенциалы бойынша авторлық бағдарламалардың келесі үлгілері анықталады:

01

## өнертапқыштық

қолданыстағы бағдарламаларды ішінара жетілдіру жолымен алынған бағдарлама;

02

## комбинаторлық

бірнеше бағдарламаны біріктіру жолымен алынған бағдарлама;

03

## толықтырылған

мазмұны бойынша мүлдем жаңа, қолданыстағы оқу бағдарламаларын толықтыратын бағдарлама;

04

## жаңашыл

парадигмалық негізі, ойы, ұсынылған оқыту технологиясының жаңашылдығымен ерекшеленетін бағдарлама.

+

# Авторлық бағдарламаны мектептің білім беру үрдісіне енгізу келесі іс-әрекеттерді қамтиды:



Рецензия алу. Ішкі, сыртқы рецензия. Ішкі рецензия – әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестікте талқылау. Сыртқы рецензия – ғылыми – әдістемелік ұйымдар, мамандардан алу.



Апробация – эксперимент түрінде танысу. Апробация нәтижесінде бағдарламаны жетілдіру үшін ұсыныс жасауға болады. Апробация қыркүйектен наурызға дейін өткені дұрыс. Мұғалім түзету енгізуге мүмкіндік алады.



Рецензия апробация жақсы нәтиже бергенде іске асады.



Авторлық деп танылған бағдарламаны қолдануға әдістемелік кеңес ұсынып, білім беру ұйымының басшысы бекітеді. Авторлық деген мәртебені, ереже бойынша, білім беруді басқарудың жоғары органы тағайындайды.







# АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘЗІРЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Авторың оқу бағдарламасын құрастыруға толық дайындықпен келмеуі көптеген кемшіліктерге апарады. Олардың негізгілері:

1. мектептің мақсат, міндеттері есепке алынбайды; бағдарламаны құрастыру негіздемесі толық емес; мысалы: білім, икем, дағдыға қойылатын талаптар, курстың мақсат, міндеттері т.б ұсынылған бағдарламаны керекті оқу – әдістемелік кешенмен жабдықтау қарастырылмайды; білім аумағындағы өзге бағдарламалармен сабақтастық принципі сақталмайды;



## БАҒДАРЛАМАНЫ ӨЗІРЛЕМЕС БҰРЫН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГІ БАҒДАРЛАУДЫҢ ТИПТІК АЛГОРИТІМІН ЕСКЕРІП, ЖӘНЕ БІЛІМДІЛІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН БІЛУІ ТИІС.

- Қандай мақсатта бағдарлама жасалуда (типтік бағдарламаның жоқтығы, педагог өз әдістемесімен оқу процессін ұйымдастыруда т.б.)?
- Педагог бағдарламаны қай тұрғыдан жасауда (типтік-балаларға қосымша білім беру мекемелеріндегі, үлгілі-мекемесіндегі немесе үлгісі жоқ өз іс тәжірибесінен, әдістемесінен және өзіндік ерекшелігімен жасауы)?
- Бағдарламаның ерекшелігі мен жаңалығы неде?
- Бағыты ұқсас басқа да білімділік бағдарламаларға қарағанда күтілетін нәтижесі (жаңашылдығымен, өзгешелігімен) қандай болмақ?
- Бағдарламаны жүзеге асыруда қандай қиындықтар болуы мүмкін және оларды шешу жолдары?
- Қандай оқыту құралдары әдіс-тәсілдер оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары және қандай жаңа педагогикалық технология пайдаланады?



01

# АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

talimger.kz





## Авторлық және жаңартылған бағдарлама келесі құрылымдық элементтерді қамтуы қажет:



- № Оқу бағдарламасының құрылымы



1. Мұқабә(титул беті)

2. Білім беру мекемесінің толық атауы;

3. Бағдарламаны бекітуге жауапты қызметкердің атыжөні, қызметі;



4. Бағдарламаны бекіту мерзімі;

5. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі;

6. Бағдарламаның қай жас ерекшелігіне есептелінген;

7. Бағдарлама авторының аты-жөні, қызметі;

8. Қала, аудан атауы, жасақталған жылы





## Бағдарлама құрылымы жеті бөлікті қамтиды:

1. Түсініктеме хат
2. Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім
3. Нормативтік бөлім
4. Ақпараттық-әдістемелік бөлім
5. Оқытуды ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулықтар
6. Мұғалім мен оқушыға арналған қолданылатын әдебиеттер тізімі
7. Қосымша



# Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар



**Мақсаты:** Ұлтжанды, болашақта ел тізгінін ұстар зияткер ұрпақты ұлттық

- құндылықтар арқылы тәрбиеленеді, жаңа өмірге бейімделе алады


**Міндеттер:**

- Ұлттық салт-дәстүрді ұрпақ тәрбиесіне жүйелі енгізу;
- Ұлттық рух пен өрлікті ұрпақ санасына сіңіру;
- Ұлттық мінез бен психологиялық ерекшеліктің өмірдегі жағдаяттарға қолданысын арттыру;
- Ұлттық тарих пен шежіре, мәдениет пен әдебиеті арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеу


**Күтілетін нәтиже:**

- Ұлттық білім мен білікті меңгерген ұрпақ
- Ұлттық салт-дәстүрі мен ғұрпын қастерлейтін ұрпақ
- Ұлттық тарих пен шежіресін болашаққа жеткізетін ұрпақ
- Ұлтқа қызмет ететін саналы ұрпақ







Қазіргі ақпарат ғасырында бала тәрбиесі өзгешелеу екенін білеміз. Неге десек, ата-аналардың көпшілігі балаларының әлеуметтік желіге тәуелді екендігін айтып шағымданады.



Тәрбиедегі қиындықтың өзін осы технологияның дамуымен байланыстырады. Ежелден ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұрпағының болашағын саналы түрде алдыңғы орынға қойған. Тәрбиемен қатар, балаға түрлі кәсіп меңгертіп, даналығын арттырған. Осының барлығы ұлттық құндылықтар негізінде болған.



Ұлттық құндылық дегеніміз не? Дана ата-бабаларымыз балаға құрсақтан бастап ұлттық тәрбие берген. Ол құндылықтар бала санасына осы кезден бастап сіңе берген, өсе келе туған ел мен жерін, тілін, дінін, ділін, салтын, дәстүрін, отбасын қадірлеуге үйреткен. Ондай ұрпақтан жат мінез, өрескел қылық байқалмаған. Қазақ даласында жетімдер мен жесірлер, қарттар үйі болмаған. Міне, ұлттық құндылықтың бала тәрбиесіне берері мол екен.



Аталған бағдарламаның мақсаты мен міндеттері ұлттық құндылық арқылы бала тәрбиесіне негізделеді. Қазіргі кездегі сұранысқа ие тәрбиенің бағыты деп айтуға болады.



Бағдарламаның мазмұны да ұлттық құндылықтардың бірнеше түрлерін қамтиды. Осы бағдарлама арқылы сусындап, тәрбие алған бала болашаққа жарқын жол салады. Ол күтілетін нәтижеде толық айтылды.

### **Мазмұндық**

Отбасылық құндылық – 5 сағат ( Отбасындағы бала мен әке, бала мен ана, бала мен ата-әже, аға-бауыр, апай-қарындас және баланың отбасындағы өз орны)

Тарих пен шежіре - 5 сағат (Өз ұлтының тарихы мен шежіресін)

Ұлттық тіл мен әдебиет- 4 сағат (ана тілінің құндылығы және ауыз, жазба әдебиетіндегі тәрбие)



Ұлттық өнер мен мәдениет, кәсіп, еңбек тәрбиесі – 4 сағат ( ән мен жыр, күй, атбегі, құсбегі, кәсіп түрлері, дала театры)

Ұлттық даналық, ақыл-ой тәрбиесі - 4 сағат (даналардың ойлары, ұлттық сананы қалыптастыру)

Ұлттық салт-дәстүр, ырым-тыйымдар - 4 сағат (салт-дәстүр, ғұрыптар, тыйымдар арқылы тәрбиелеу)

Ұлттық ойындар, ұлттық спорт - 4 сағат

Ұлттық психология, ұлттық мінез - 4 сағат





# Нормативтік бөлім

Р/с	Бөлім Бөлімше Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Білім өнімі
			Барлығы	Лекция/ Теория/ Тәжірибе	Тәжірибе / Тәжірибе 2	
I бөлім. XX ғасырдың I жартысындағы саяси қызметтегі тарихи тұлғалар Барлығы: 7 сағат Теория: 4 Жоба/зерттеу жұмысын қорғау						
1.1	Алаш қозғалысының көсемі – Ә. Бөкейханов	Ә. Бөкейхановтың Алаш идеясын насихаттаудағы еңбегіне баға беру	2	1	1	Тарихи талдау Ғылыми мәселелерді өздігінен шешу

**+**  
\*Осы үлгі бойынша жалғастырасыз

# Оқу-әдістемелік ресурстар, ақпараттық

Оқушы мен мұғалімге ұсынатын әдебиеттер :

Қосымша : қмж, презентациялар, дістеме, әдіс-тәсілдер

Бағдарламаға қойылатын дидактикалық талаптар:

- 1.Толықтылық
- 2.Нақтылық
- 3.Үдерістік



## Толықтылы қ

1

бағдарламаға  
қойылған  
мақсаттарды  
жүзеге асыру  
үшін

2

Барлық қажетті және  
жеткілікті мазмұн  
элементтері.  
Мақсаттың негізгі  
және тұлғаны  
дамытуы ескеріледі.

## Нақтылық

3

барлық элементтердің  
нақты оқыту  
үдерісінде берілген  
мазмұнды жүзеге  
асыру жолын  
белгілерімен,  
сипаттамаларымен,  
байланыстарымен  
көрсетілуі

## Үдерістік

4

білім беру  
мазмұнының оқыту  
үдерісімен бірлігі,  
оқытудың түпкі  
мақсаттарына жетудің  
тізбектік кезеңдері  
көрсетілген бағдарлама  
құру



# Түсініктеме

Ең бірінші сұрақ: Мұндай бағдарламаға сұраныс бар ма? Аталған бағдарламаны әзірлеуге не итермеледі? Ресурстар жеткілікті ме? Қажетті біліктілікті меңгерген бе? Базалық білім бағдарламасынан несімен ерекшелінеді? Алгоритмі: Пәннің мәні, ерекшелігі; осы сатыдағы оқушыларды оқытудың білімділік мақсат, міндеттерін орындауға үлесі.

Мақсатқа жетудің әдістемелік жүйесі, құралы.

- Әр сатыға байланысты мақсаты.

Бағдарламаның өзектілігі, курстың негізгі идеялары, концепциясы.

Оқыту реті қандай логикаға негізделген.

Оқу жоспарының тағы қай пәндерімен логикалық байланысы бар.

- 🌸 Шартты белгілерді түсіндіру.

# Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны барынша толық және нақты бейнеленген бағдарлама мәтінінен тұрады. Оқу пәнінің қызметі мен оның мақсаттарын жүзеге асыру бағдарламаның осы бөлімінің құрылымымен тікелей ашылады:

- тараулар мен тақырыптарды ерекшелеу;
  - берілген бағдарлама үшін жетекші болып табылатын мазмұн құрамаларының толымдылығын және тізбектелуін көрсету.
- Бағдарламаның мазмұндық бөлімі келесі қызметтерді атқарады: - оқу материалының мазмұнын анықтайды;
- тараулар мазмұнының көлемін анықтайды;
  - көрсетілген материалды меңгерудің төменгі міндетті деңгейін анықтайды.



+ Оқу-тақырыптық жоспар білім алушының жылжуын кезең-кезеңмен сипаттайды. Бөлім әрбір тақырып бойынша сағат санын көрсете отырып, теориялық, практикалық және басқа да сабақ түрлеріне бөле отырып, оқыту кезеңдері бойынша бөлінген тақырыптар тізбесін қамтуы тиіс. Қосымша білім беруде балалардың сабақтардағы практикалық қызметі теориядан басым болуы тиіс (шамамен 70% - ға 30% - ға).



- **Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар: Курсты аяқтағаннан кейін білім, құзыреттілік деңгейі Білім кешені, икем – дағды тізімі, оқушы шеше алатындай мәселелер тізімі.**

- **Тақырыптық жоспар Курс тақырыбы, оқытылу реті, оқыту формасы, сағат саны./толық курс және жеке тақырып/ Таблица түрінде беруге де болады.**



ТӘЛІМГЕР ҒЫЛЫМИ-  
ӘДІСТЕМЕЛІК  
ОРТАЛЫҒЫ

+

Оқу курсының тақырып  
мазмұны  
Тақырып. Сағат. Негізгі  
сұрақтар. Тәжірибелік,  
сарамандық жұмыстар,  
экскурсия т.б. Пәнаралық  
байланысты көрсету. Бақылу  
түрі, сұрақтары.

+





## Тәжірибелік бөлім

Икем, дағдыны бекіту.

Тәжірибелік, сарамандық жұмыстар, экскурсия т.б.

## Оқу деңгейін бақылау

Қорытынды

Жартыжылдық

Тоқсандық

Тақырыптық

Бақылау жұмысы, тесті, сынақ, емтихан.



# Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізімі

- Автор. Аты. – Баспа,жыл.-  
бет
- Мақала: автор. Мақала аты.//  
Журнал.-жыл.-№. – бет..

Пәнді оқу - әдістемелік жағынан қамтамасыз ету (апробацияның 1 жылы өткеннен кейін, АБББ-нің ӘК сыртқы рецензия алу үшін бағдарламаға қоса тақырыптық - күнтізбелік жоспар мен қолданылған материалдар қоса жолданады )

Оқыту - теориялық : оқулық, пособия, лекция.

Оқыту – практикалық: жаттығулар мен тапсырмалар, бақылау жұмысы, тесті, жинағы, тәжірибелік, сарамандық жұмыстар жинағы.

- Оқыту - әдістемелік: курсты үйренуге әдістемелік ұсыныстар, бақылау жұмысын орындауға кеңес, реферат, зерттеу жұмысын суреттеу. Оқыту – анықтамалық: сөздік, анықтама. Оқыту – көрнекілік: альбом, атлас.

🌸 Оқыту – библиографиялық.

# ТИТУЛ ПАРАҒЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бағдарлама – түрлі (педагогтың еңбек ақысын төлеуге негіз болатын, оның кәсіби деңгейінің сапасын мінездейтін, тәрбиеленушілерге білім беру мен дамытудағы педагогтың теориясы болып табылады.) Функцияны орындайтын құжат болғандықтан оның рәсімделуіде талаптарға сәйкес орындалуы тиіс. Мұқабә және басқада бағдарламаның парақтарында шет жол сақталуы (поля) тиіс.

Бағдарлама компьютерде Times New Roman шрифтісімен 1,5 интервал аралығында 14 кегельмен жазылғаны дұрыс.

Бағдарламаға мөр басылып, мекеме басшысының қолымен бекітілгеннен кейін бағдарлама бойынша жұмыс жасауға рұқсат етіледі.

Бағдарлама мәтінін нөмірлеу екінші (немесе 3-4), бетінен бастауға болады. Тек мәтіні сол бетінен басталуы тиіс. Парақ беттерінің нөмірі жоғары жақтың ортасына қойылады.

# Титул парағында:

- Білім беру мекемесінің толық атауы;
- Бағдарламаны бекітуге жауапты қызметкердің аты-жөні, қызметі;
- Бағдарламаны бекіту мерзімі;
- Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі;
- Бағдарламаның қай жас ерекшелігіне есептелінген;
- Бағдарлама авторының аты-жөні, қызметі; Қала, аудан атауы, жасақталға

# Түсінік хат



Пәннің мәні, ерекшелігі; осы сатыдағы оқушыларды оқытудың білімділік мақсат, міндеттерін орындауға үлесі. Мақсатқа жетудің әдістемелік жүйесі, құралы. Әр сатыға байланысты мақсаты.

Бағдарламаның өзектілігі, курстың негізгі идеялары, концепциясы. Оқыту реті қандай логикаға негізделген. Оқу жоспарының тағы қай пәндерімен логикалық байланысы бар. Шартты белгілерді түсіндіру  
Мақсаты:

Білім, әрекет әдісі, тәжірибе. Осы бағдарламаны меңгергенде қандай жеке адам қабілеттері қалыптасады. Пән мақсаты дүниетанымдық, әдістемелік, теориялық, дамытушылық, тәрбиелеушілік, тәжірибелік/ практикалық/ болып берілуі мүмкін

Ақпараттық анықтама:





Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі  
(жыл)

Оқыту мерзімі

Жас ерекшеліктері

Оқушы саны

Апта жүктемесі

Жылдық сағат саны

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

\_\_\_\_\_ ОҚУ ЖЫЛЫ





№ Тарау, тақырып, сағат саны

Мерзімі

Теориялық бөлім

Практикалық бөлім

Жалпы сағат саны

+ Қорытынды

Барлық сағат саны



ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:








Элективті курс-оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын, профильдің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының жаңа элементі. Элективті курс кез келген тақырыпта болуы мүмкін, яғни жалпы білім бағдарламасының шекарасында жататын және одан тыс аймақта. Элективті курс, ол оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмі. Жақсы ұйымдастырылған элективті курстардың жүйесі оқушыға белгілі талап тілегіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді.






Базалық курс – білім берудің барлық оқушыларға міндетті инвариантты бөлігі және оқушылардың жалпы білім алу дайындығын аяқтауға бағытталған. Профильді курстар - жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етеді және бірінші кезекте кәсіби білімді алуды жалғастыратын мектеп бітірушілерді дайындауға бағдарланған.



Элективті курстар – әрбір оқушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектерімен және икемділігін қанағаттандырумен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және мейлінше әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады



Мысалы, физикадан элективті курстарды жүргізудің әрқилы формаларының арасында, шамамен төмендегідей ара қатыс болғаны жөн: бүкіл оқу уақытының 20-25%-лекциялар, 10-15%- семинарлар, 15-20%-есеп шығару, 15-20%- жаппай лабораториялық жұмыстар, 20-30%- физикалық практикум, 3-9%- экскурсиялар, 3-6%- сынақ сабақтары .


- Сонымен оқу уақытының жартысынан көбін есеп шығару және лабораториялық жұмыстарды орындау жөніндегі практикалық сабақтарға бөліп беру ұсынылады.



# Қолданбалы курстар

бағдарлы пәндер бойынша оқушылардың білімін тереңдетуге, кеңейтуге, олардың қандайда қолданылуы жайлы оқушыларда білім қалыптастыруға арналған курстар және оқушының қатысуға міндетті және таңдауға құқылы пәндер.

Таңдау курстары оқушылардың талап-тілегін, қызуғушылығын қанағаттандыруға арналған. Олар таңдалған сыныптың бағыты мен бағдарына байланысты болуы да, болмауы да мүмкін. Жалпы білім беру мекемелерінің базистік оқу жоспарының мектеп компоненті мен оқушы компонентін жүзеге асыруды көздейтін бағдарлы оқу процесінде маңызды орын алатын қолданбалы және таңдау курстарын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктеріне соңғы уақытта үлкен мән берілді. Аталған курстар бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың басты құралы ретінде қарастырылады. Қолданбалы курстар бағдарлы пән бойынша берілетін теориялық білімнің қолданбалы сипатын ашып көрсетуге бағытталғандықтан, оларға барлық оқушылардың қатысуы міндетті. Таңдау курстары оқыту бағдар аясында тыс жүзеге асыратылатындықтан, оларға бір сынып оқушыларының барлығы қатысуы міндетті емес. Қолданбалы курстар жарнамалық сипатты және олардың мазмұны «пән тұрғысынан емес, оның практикалық пайдалығы тұрғысынан» құралады.



Авторлық оқу бағдарламасы – педагогикалық құндылық пен жаңалықтардан хабардар ететін авторлық педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі. Ол оқу пәнінің білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік білім беру стандартының негізінде жасалады. Авторлық бағдарламаның мазмұндық құрылымы мен тұжырымдамасы жалпы білім беру стандартына сай келуі тиіс. Авторлық әдістемелік жүйені құрастыру процесі ұзақ уақытты қамтиды және нәтижесі тұлғаны дамытуға бағытталған. Авторлық бағдарлама мазмұнының негізінде әдістемелік жүйені құрудағы мұғалімнің өзіндік тұлғалық тәжірибесі мен оның қызметінің даралық стилі жатыр.

Алғашқы міндетті шарт –бағдарлама құрылымы мен мазмұны жағынан орта білім беру саласындағы оқу бағдарламасымен сәйкес болуы тиіс.

Сонымен қатар, авторлық бағдарлама келесі талаптарға жауап беруі керек:

қазіргі ғылымның педагогикалық практикалық жағдайымен сәйкес келуі, жаңалығымен даралануы;

оқушылардың жеке қабілетін дамытуға бағытталуы, оның интеллектуалды эмоцио налды кеңістігіне, коммуникативті қабілеті

мен әлеуметтік бейімделуіне;

жүйелілік талаптарына сай болуы;

психологиялық-педагогикалық негізі болуы;

басты дидактикалық құралдар мен материалдармен, сондайақ оны

жүзеге асырудағы әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етілуі тиіс.



## Оқушылардың білімін бағалау бағамдары (критерийлер)

1. Оқушыларға берілетін жаңалық дәрежесі;
2. Оқушылардың курсқа деген қызығушылығын туғызатын түрткінің (мотиві) бар болуы;
3. Дамытушылық потенциалының болуы (Оқушыны практикалық, шығармашылық және сезімдік тұрғыдан дамыта білуі);
4. Таңдап алған бағыттың жүйелілігі мен өзара байланыстылығы;
5. Оқытудың белсенділік тәсілдерінің таңдалып алынуы;
6. Оқыту нәтижелерін бақылау мүмкіндік дәрежесі қандай (төмен, орта, жоғары);
7. Бағдарламаны іс-жүзіне асырудың нақтылығы.







**Толықтылық** – бағдарламаға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін

Барлық қажетті және жеткілікті мазмұн элементтері.

- Мақсаттың негізгі және тұлғаны дамытуы ескеріледі.

**Нақтылық** – барлық элементтердің нақты оқыту үдерісінде берілген мазмұнды жүзеге асыру жолын

 белгілерімен, сипаттамаларымен, байланыстарымен көрсетілуі

**Үдерістік** – білім беру мазмұнының оқыту үдерісімен бірлігі, оқытудың түпкі мақсаттарына жетудің тізбектік кезеңдері көрсетілген бағдарлама құру



# Назарларыңызға рақмет!

---

Instagram: [pedagog\\_mektebi](#)